

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 283 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 қарашада № 4593 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 165 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 02.08.2024 № 165 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:


1. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары 1, 2, 3, 4, 5 – қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
2. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.
3. Ауылдық округ әкімдері, "Жаңақала аудандық білім беру бөлімі", "Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемелері қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Жаңақала ауданы әкімі аппаратының басшысы (А.Карменов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақала ауданы әкімінің орынбасары А.Шүкіргалиеваға жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Л.Хайретдинов

2016 жылғы 11 қазандағы № 283
Жаңақала ауданы

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:

- – қозғалыс бағыты;
- жол;
- – елді мекен;



- «Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің «Айдархан жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.


2016 жылғы 11 қазандағы № 283

Жаңақала ауданы

әкімдігінің қаулысына

2 - қосымша

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:

→ – қозғалыс бағыты;

— жол;

□ – елді мекен;



- «Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің «Пятимар жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.


2016 жылғы 11 қазандағы № 283

Жаңақала ауданы

әкімдігінің қаулысына

3 - косымша

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:

—> – қозғалыс бағыты;

— жол;

— елді мекен;



- «Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің «М.Жұнісов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.


2016 жылғы 11 қазандығы № 283

Жаңақала ауданы

әкімдігінің қаулысына

4 - қосымша

Жаңақала ауданының шалғайдығы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Аббревиатуралардың толық жазылуды:

км – километр.

Шартты белгілер:

→ – қозғалыс бағыты;

— жол;

— елді мекен;



- «Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің «Д.Нұрпейісов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.


2016 жылғы 11 қазандагы № 283

Жаңақала ауданы

әкімдігінің қаулысына

5 - қосымша

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы орта білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:

—> – қозғалыс бағыты;

— — — жол;

[] – елді мекен;



- «Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің «Е.Ш.Орақбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*L – ара қашықтық.

2016 жылғы 11 қазандығы № 28

Жаңақала ауданы әкімдігінің
қаулысымен бекітілген

Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бүйрігіне (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11550 тіркелді) сәйкес әзірленген және Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автокөліктердің техникалық жай-күйі , жабдықтары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 "Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының талаптарына жауап беруі тиіс.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автокөліктер сары түсті жылтыр шағын маягымен жабдықталады. Автокөліктердің алдына және артына "Балалар тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгісі орнатылады.

Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші қуәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушилердің тасымалдауына рұқсат етіледі.

Автокөлік шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 11.10.2018 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы: Жаңақала ауданының жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

4. Балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Ұйымдастырушы балаларды оқу орындарына тасымалдауға балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автокөліктермен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автокөліктердің қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

7. Автокөліктегің қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен ұйымдастырушы келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуі кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы ұйымдастырушыға хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

8. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайдаған орындауы мүмкін.

9. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүргуге рұқсат етілуі мүмкін.

10. Балаларды тасымалдау кезінде автокөліктің жүргізушісіне мыналар рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүргуге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автокөлік салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе құрал жабдықтарды тасымалдауға;
- 4) автокөлікте балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автокөлік салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде журу кезінде алда жүрген автокөлікті басып озуға;
- 6) автокөлікпен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі жоқ болғанда пайдалануын болдырмай шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.